I МОДУЛЬ

ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

# 6-сабақ
# Бұйрықтық іс жүргізу үкімі

## 1. Тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

өзіне тиесілі
уәждеу бөлігі
сипаттау бөлімі

дәлелдемелер жиынтығы
қылмыстық теріс қылық
тәркіленіп алыну
келісімді іс жүргізу

## 3. Тыңдаңыз, бос орынды толтырыңыз.

тәркіленіп ____
дәлелдемелер ____
өзіне ____

қылмыстық ____
келісімді ____
сипаттау ____
уәждеу ____

## 3. Қазақша нұсқасын жазыңыз.

личная собственность ____
мотивировочная часть ____
описательная часть ____
юридическая сила ____
совокупность доказательств ____
проступок ____
конфискация имущества ____
согласительное производство ____

## 4. Қажетті сөздерді жазыңыз.

____ тиесілі
____ теріс қылық
____ іс жүргізу
____ бөлімі

____ бөлігі
____ алыну
____ жиынтығы

дәлелдемелер | өзіне | тәркіленіп
келісімді | сипаттау | өзіне
уәждеу | үкім | қылмыстық

## 5. Мәтінді оқыңыз.

Қарағанды облысының Октябрь аудандық соты құрамында төрағалық етуші судья А.А.Оспанов бұйрықтық іс жүргізу тәртібімен қылмыстық істі қарады.
Қамбар Алмасұлы Өтелбаев 1988 жылы 6 наурызда Қарағанды облысында туған, Қазақстан Республикасының азаматы, қазақ, білімі жоғары, отбасылы, жұмыс орны «Шұбаркөл» көмір кенінде жүргізуші, бұрын сотталмаған, мекенжайы Жезқазған қаласы, М.Жәлел көшесі 14-үй, 4-пәтер.



LIVEWORKSHEETS

## 6. Мәтін бойынша дұрыс-бұрысын анықтаңыз.

| Сөйлемдер | дұрыс | бұрыс |
|---|---|---|
| Бұйрықтық іс жүргізу тәртібімен қылмыстық істі Шет аудандық сотының судьясы А.А.Оспанов қарады. | | |
| Қамбар Алмасұлы Өтелбаев 1988 жылы 6 наурызда Қарағанды облысында туған, ҚР азаматы, қазақ, білімі жоғары | | |
| Бойдақ, «Шұбаркөл» көмір кенінде жүргізуші болып жұмыс істейді. | | |
| Бұрын сотталмаған. | | |
| Мекенжайы Жезқазған қаласы, М.Жәлел көшесі 14-үй, 4-пәтер. | | |

## 7. Сұрақтарға мәтін бойынша жауап беріңіз, сәйкестендіріңіз.

А

1. Өтелбаев Қамбардың білімі қандай?
2. Оның жұмыс орны қандай?
3. Мекенжайы қандай?
4. Істі қандай тәртіпте қарады?
5. Отбасы жағдайы қандай?
6. Бұрын сотталған ба?

Ә

Сотталғандығы
Істі
Мекенжайы
Білімі
Отбасы жағдайы
Жұмыс орны

## 8. Мәтінді тыңдаңыз, бос орындарды толықтырыңыз.

2019 жылғы 21 қараша 08 сағат 33 минут шамасында Қазақстан Республикасының ҰҚК-нің Қарағанды облысы бойынша департаментінің қызметкерлерімен ______________________ барысында, ______________________ есірткі ______________________. Тергеу барысында Өтелбаев Қамбар аталған қылмыс бойынша ______________________ мойындаған.

## 9. Мәтінді тыңдаңыз, бос орындарды толықтырыңыз.

2019 жылғы 21 қараша 08 сағат 33 минут шамасында Қазақстан Республикасының ҰҚК-нің Қарағанды облысы бойынша департаментінің қызметкерлерімен жедел іс-шара жүргізу барысында, ғимараттан қағазға салынған есірткі тәркіленіп алынған. Тергеу барысында Өтелбаев Қамбар аталған қылмыс бойынша өз кінәсін толық мойындаған.



LIVEWORKSHEETS

## 10. Сәйкестендіріңіз.

| | |
|---|---|
| жедел іс-шара жүргізу | толық мойындаған |
| қағазға | бөлігі |
| сипаттау | салынған |
| өз кінәсін | қылмыс |
| аталған | барысында |

## 11. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

| | |
|---|---|
| 21. 11. 2019 / 08:30 | 2019 жылы 21 қараша 08 сағат 33 минут шамасында |
| 12. 10. 2018 / 22:14 | ________________ |
| 14. 02. 2021 / 01:10 | ________________ |
| 31. 10. 2019 / 11:05 | ________________ |
| 17. 07. 2017 / 07:50 | ________________ |
| 19.08.2019 / 17:05 | ________________ |

## 12. Мәтінді оқыңыз.

Дерек бойынша күдікті ретінде танылған Өтелбаев Қамбар Ұлытау ауданы, Сарысу селосына қарасты «Ерубай» қыстағына өзіне тиесілі мемлекеттік тіркеу нөмірі 565HSN09 «Камаз» автокөлігімен келіп, есірткі шөбін қыстақта ұмытып кеткенін мойындаған.

ҚК-тің 55-бабы 3-бөлігінің талаптарына сәйкес, айыппұл қылмыстық теріс қылық жасаған кезде айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде тағайындалады. Заттай дәлелдемелер бойынша үкім ҚПК-нің 118-бабының негізінде шығарылады.

## 13. Берілген сөз тіркестерін үлгінің көмегімен орындаңыз.

1. процестік ________
2. сараптама ________
3. мән-жайлардың ________
4. қылмыстық ________
5. кінәлі деп ________
6. айлық есептік ________
7. мәжбүрлі ________
8. көрсеткіш ________

қоры процестік танылып шығындар

өтемақы көрсеткіш өндірісіне төлем



LIVEWORKSHEETS

## 13. Мәтін бойынша сәйкестендіріңіз.

Өтелбаев Қамбар

Есірткі шөбін қыстақта

Өтелбаев Қамбар есірткі затын

ҚК-тің 55-бабы 3-бөлігінің талаптарына сәйкес, айыппұл ________________ кезде айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде тағайындалады.

________________________________ ҚПК-нің 118-бабының негізінде шешіледі.

ұмытып кеткенін мойындаған

Заттай дәлелдемелер бойынша үкім

қылмыстық теріс қылық жасаған

заңсыз сақтап тасымалдаған

күдікті ретінде танылған

## 14. Мәтін бойынша ақпараттың дұрыс-бұрысын анықтаңыз. (+/-)

- [ ] дерек бойынша күдікті Өтелбаев Қамбар
- [ ] 599HSN09 «Камаз» автокөлігінің мемлекеттік нөмірі
- [ ] айлық есептік көрсеткіш жиырмаға дейінгі мөлшерінде тағайындалады
- [ ] Өтелбаев Қамбар есірткі затын заңсыз сатқан.
- [ ] үкім ҚПК-нің 119-бабының негізінде шығарылады.

## 15. Мәтінді тыңдаңыз, бос орындарды толтырыңыз.

Жоғарыда көрсетілген ______________________________ және Қазақстан Республикасының ________________________ кодексінің 368-371, 375, 377-380, 384, 401, 629-5-баптарын басшылыққа ала отырып сот,

Өтелбаев Қамбар ҚР ҚК-нің 296-бабы 2-бөлігінде көрсетілген қылмысты жасауда ______________, оған 20 ________________ көлемінде 50 500 теңге айыппұл салынсын.

Қ.Өтелбаев ҚР ҚК-нің 98-1 және 98-2-бабы, «Жәбірленушіге ____________ туралы» заңының 10-бабы 2-бөлігінің талаптарына сәйкес ________________ бес ____________________________, 12 625 теңге ____________ өндірілсін.

Өтелбаев Қамбар, ҚР Әділет Министрлігі сот сараптама орталығымен



LIVEWORKSHEETS

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
## ҮКІМ

2020 жылғы 31 желтоқсан Іс № 3560-19-00-1/22 Октябрь ауданы

Қарағанды облысының Октябрь аудандық соты құрамында: төрағалық етуші судья М.М.Алтынов, Октябрь аудандық сотында, бұйрықтық іс жүргізу тәртібімен қылмыстық істі қарады.

Өтелбаев Қамбар Алмасұлы 06.03.1988 жылы Қарағанды облысында туған, Қазақстан Республикасының азаматы, қазақ, білімі жоғары, отбасылы, жұмыс орны «Шұбаркөл» көмір кенінде жүргізуші, бұрын сотталмаған, мекенжайы Жезқазған қаласы, М.Жәлел көшесі 14-үй, 4-пәтер.

## СИПАТТАУ БӨЛІГІ

2019 жылы 21 қараша 08 сағат 33 минут шамасында Қазақстан Республикасының ҰҚК-нің Қарағанды облысы бойынша департаментінің қызметкерлерімен жедел іс-шара жүргізу барысында, ғимараттан қағазға салынған есірткі тәркіленіп алынған. Тергеу барысында Өтелбаев Қамбар аталған қылмыс бойынша өз кінәсін толық мойындаған.

## УӘЖДЕУ БӨЛІГІ

Дерек бойынша күдікті ретінде танылған Өтелбаев Қамбар 21.11.2019 жылы 19 сағат 00 минут шамасында Октябрь ауданы, Сарысу селосына қарасты «Ерубай» қыстағына өзіне тиесілі мемлекеттік тіркеу нөмірі 565HSN09 «Камаз» автокөлігімен келіп, есірткі шөбін қыстақта ұмытып кеткенін мойындаған. Өтелбаев Қамбар есірткі затын заңсыз сақтап тасымалдаған.

ҚК-нің 55-бабы 3-бөлігінің талаптарына сәйкес, айыптау үкімі бұйрықты іс жүргізу тәртібімен шығарылған істер бойынша айыппұл қылмыстық теріс қылық жасаған кезде айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде тағайындалады. Заттай дәлелдемелер бойынша үкім ҚПК-нің 118-бабының негізінде шығарылады.

## ҚАРАР БӨЛІГІ:

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлардың негізінде және Қазақстан Республикасының Қылмыстық - процестік кодексінің 368-371, 375, 377-380, 384, 401, 629-5 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

## ҮКІМ ЕТТІ:

Өтелбаев Қамбар ҚР ҚК-нің 296-бабы 2-бөлігінде көрсетілген қылмысты жасауға кінәлі деп танылып, оған 20 айлық есептік көрсеткіш көлемінде 50 500 теңге айыппұл салынсын.

Қ.Өтелбаев ҚР Қылмыстық кодексінің 98-1 және 98-2 бабы, «Жәбірленушіге өтемақы қоры туралы» заңының 10-бабы 2-бөлігінің талаптарына сәйкес өтемақы қорына бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, 12 625 теңге мәжбүрлі төлем өндірілсін.

Өтелбаев Қамбар, ҚР Әділет Министрлігі сот сараптама орталығымен сараптама өндірісіне жұмсалған 21 802 теңге процестік шығындар өндірілсін.

Судья А.А.Омаров



LIVEWORKSHEETS